

Облыс әкімінің 2001 жылғы 2 шілдедегі N 239 "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің шешімі 2002 жылғы 16 қаңтардағы N 368. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 13 ақпанда N 780 тіркелді. Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 28 шілдедегі N 28 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.07.28 N 28 шешімімен.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдаланылатын коммуналдық меншік объектілерінің тізілімін толықтыру мақсатында шешім етті:

1. Облыс әкімінің 2001 жылғы 2 шілдедегі N 239 V01T564_ "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану туралы" шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

N 4 "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдаланылатын коммуналдық меншік объектілерінің тізілімі" қосымшасына Атырау қаласы бойынша толықтырулар енгізілсін (тіркеледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Досмағамбетке жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің
16 қаңтардағы N 368
шешіміне қосымша

Атырау қаласы бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдаланылатын коммуналдық меншік объектілерінің тізіліміне толықтырулар

N Объектінің атауы	Балансында	Орналасқан	Енгізілген	Құны
ұстаушы	жері	жылы	(мың теңге)	

Баланстық Қалдық

-
7. Әкімшілік ғимараты қосалқы "Айқұр" Атырау қ. 1965 4558,1 1975,9
орын-жайларымен қоса мемлекеттік Гайдар
қазыналық көшесі 8
кәсіпорны
8. Әкімшілік ғимараты Атырау қ.
(бұрынғы "Атыраусужобасы" Абай көшесі, 1988 52500,0 52500,0
жобалау ізденіс институты ЖШС) 10 а
9. Әкімшілік ғимараты қосалқы Атырау қ. 1980 30000,0 30000,0
орын-жайларымен қоса (бұрынғы Сәтпаев
"Ембімұнайгеофизика" АҚ көшесі, 3
10. Облыстық мәдениет Облыстық Атырау қ. 1962 14626,0 14626,0
басқармасының әкімшілік мәдениет Азаттық
ғимараты басқар. көшесі, 9
масы

(Маман: Ержанова К.С.)